

Самар ауданы бойынша 2025 жылға арналған шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемесін бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданы мәслихатының 2025 жылғы 10 ақпандағы № 19-3/VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 17 ақпанда № 9134-16 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10- тармағына, "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-1-бабына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген) сәйкес Самар ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Самар ауданында 2025 жылға арналған шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемесі, аудандағы хостелдерді, қонақ жайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болу құнынан - 0 (нөл) пайыз мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Самар ауданы мәслихатының төрағасы

Г. Шаймарданова